

«Общественная позиция»  
(проект «DAT» № 06 (43) от 10 февраля 2010 г.

СӘРСЕНБІДЕГІ СҰХБАТ

**Сержан МОЛДАСАНҰЛЫ:**  
**Қазақ әншілеріне сұраныс болмаса,**  
**«ҚАРАҚШЫ» ТАСПА ҚАЙДАН КЕЛДІ?**

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтуді әдетке айналдырған «Ән мен әнші» бағдарламасы өзіндік ауқымын кеңейтіп, көрерменіне жол тапты. Өзгенің көшірмесін жасайтын азды-көпті шоуларға қарағанда, «Ән мен әнші» қазақ сахнасының төл бағдарламасы десек, қателеспеспіз. Ал Республика сарайындағы жер жарған жарнамасына татымай, көрерменнің де, тыңдарманның да көңілін қалдырған кештер «Ән мен әншіге» қызғаныш танытуы әбден мүмкін. Көңілді күпті еткен сан сауалға тиесілі жауапты аталмыш бағдарламаның ұйымдастырушысы әрі жүргізушісі Сержан МОЛДАСАНҰЛЫ мырзадан сұрағанды жөн көрдік. Бірнеше жобаны өткізу үшін дайындықпен қарбаласта жүрген Сержан мырзаның қысқа да нұсқа жауабының нобайын ұсынып отырмыз.

***Сержан мырза, продю-серлік деген бізге кенде келген кәсіптің түрі ғой. Дегенмен оны алып кету үшін жан-жақтылық, қырағылық керек тәрізді. Ал негізінде өзіңіздің мамандығыңыз не?***

Нақты айтар болсам, мамандығым бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімімін. Продюсер болу үшін қырағылықтың қаншалықты қажет екенін білмеймін. Бірақ білім керек екені рас.

***Сонда ұстаздық біліміңіз бүгінгі кәсіптің көлеңкесінде қалып қойды ма?***

Білімнің пайдаға аспайтын кезі жоқ. Сондай-ақ жоғары оқу орнында білім алумен қатар, өмір мектебінің белгілі бір кезеңінен өтесің. Мұның барлығы осы қоғамның мүшесі ретінде қалыптастырады. Ал бүгін мен өзіме ұнайтын шаруамен айналысып жүрмін. Қандай да бір іске кіріспес бұрын, не істеу керек екенін айқындап алуға тырысамын. Мен үшін ең бастысы – осы.

***Қазір кімнің продюсерісіз? Қолға алған жаңа жобаларыңыз бар ма?***

«Қоңыр» тобынан бөлек, екі әншіге қарайласып жатырмын. Әлі орындалуға тиіс шаруалар жеткілікті болғандықтан, олардың сахнаға шығуына біраз уақыт керек. Дәл қазір Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған кештің жұмысымен шапқылап жүрмін. Осы сұхбатты пайдаланып айта кетейін, ақынның биылғы ән-жыр кеші жылдағыдан мүлдем өзгеше болмақ. Осы кешті өткізу туралы ұсынысты қабыл алып, кірісіп жатқан жайымыз бар. Алла қаласа, ақпанның он екісінде Республика сарайында әдемі бір кеш болады деп отырмыз.

***Біздегі көптеген продюсерлердің табысы жасаған жобаларына байланысты екендігін айтады. Ал өзіңіз продюсер болған жеке әншінің немесе қандай да бір топтың сатылымға түскен***

**үнтаспаларынан көңіл көншітерлік пайда көріп отырмын дей аласыз ба?**

Табыс бар ғой, бірақ көп емес. «Қарақшыларды» құртпай, үнтаспадан түсетін табысты есептеудің өзі күлкілі.

**«Меломан» тәрізді ірі сауда орталықтарының мамандары қазақ әншілерінің үнтаспаларына сұраныстың аздығын айтады. Бұған не себеп деп ойлайсыз?**

Мүмкін емес. Сұраныс айтарлықтай деңгейде. Тек «қарақшылардың» арзан өнімдері қарапайым жұртты «Меломанға» жеткізбей-ақ, қамтамасыз етіп отыр. Егерде қазақ әншілеріне сұраныс болмаса, қаптаған қалың «пират» пайда болмас еді.

**Дегенмен тұтынушы қарапайым халықтың қалтасы солардың сұранысын ғана көтеріп тұр ғой. Кез келген азаматтың ірі сауда орталығынан қалаған үнтаспаларын алуға жағдайы келе бермейді ғой. Осы орайда лицензиялы орталықтардың бағасын бағамдау керек сияқты ма, қалай ойлайсыз?**

Белгілі бір жеңілдіктермен арнайы сауда нүктелерін көбейту керек шығар. Сонан соң «пираттарды» ауыздықтасақ, баға да қалыпты болар еді. Бұдан үш-төрт жыл бұрын таспаны көбейтіп шығаратын студиялар әншінің жеке альбомын айтарлықтай бағаға сатып алатын. Қазір олай емес. Олардың да обалына «қарақшылар» қалып отыр.

**Өзіңіз құрған «Қоңыр» этно тобын шетелге алып шығудың мүмкіндігі бар ма?**

Алдағы жазда Еуропаға барып қайтады.

**«Ән мен әнші» жобасын дәстүрлі түрде ұйымдастырып жүрсіз. Республика сарайында өтетін саны көп концерттер осы бір жобаның алдын кес-кестеп тастаған жоқ па? Мәселен, бір-біріне ұқсайтын қаптап кеткен кештерден жалыққан жұрт сіздің жобаңызға баруын сөйілтуі мүмкін ғой.**

Әлі күнге дейін біреуге билетімізді ала қойшы деп жалынған жоқпыз. Ел өзі келеді. Керісінше, бір ай бұрын алдын ала хабарласып, билетке тапсырыс беріп жатады. Бәрібір сапа жеңеді ғой.

**Кей продюсерлер мен продюсерлік орталықтар ұйымдастырған кештеріне қатысатын жас әншілерден қаржы талап ететінін естиміз. Бұл концертке кететін шығынға мемлекет тарапынан қаржылай қолдаудың жоқтығынан туындаған үрдіс пе?**

Оны қаржы талап ететіндердің өзінен сұрау керек шығар. Әрі-беріден соң мемлекет оларға неге ақша беруге тиіс? Әркім өзі үшін жасап жатыр.

Сапасын «беске» емес, «алтыға» білесіз. Керісінше, мемлекет оларға ақша емес, сөгіс берсе жөн болар еді. Кешегі қарапайым сарай қызметкері – бүгін продюсер. Ненің де болсын қадірі қашқан уақыт.

**Қазіргі орындаушылар мен авторлар үнтаспаға шыққан әндерінен қаламақы көрмейтінін айтады. Ал авторлық құқық орталықтары бұған әнді жазып тарататын лицензияны студиялардың заң бұзушылыққа жол беріп отырғанын алға тартатын көрінеді. Өзіңіз осындай орталықтарға қандай талап қояр едіңіз?**

Ешқандай талап қоймаймын. Азды-көпті төлеп жатыр ғой.

**Әріптесіңіз Ерік Тастанбеков әнді көршілес ресейлік студияларда жаздырту қажеттігін айтып, ол жақтағы сапаның жоғарылығын алға тартатын көрінеді. Осыған келісесіз бе?**

Әрине, келісемін. Ресей бізге қарағанда бір-екі көш ілгері кеткен. Ол сапа бізге де келер. Былтырғыға қарағанда, биыл тәуірміз ғой.

**Әрқашан ізденісте жүретін сіздей продюсердің жарыққа шығарам деген жоспарлары да жоқ емес шығар?**

Біраз ойларды жазып, сызып, түртіп жүрген жоба-жоспар жоқ емес. Әсіресе жаңадан телехабарлар жасау ойымызда бар. Мүмкіндігі келгенде ол жобалар да көрерменін табар. Шыны керек, сырттан алған көшірме дүниелерді, өз басым, сүйсініп қарай алмаймын.

**Әңгімелескен –**

**Динар**

**КАМИЛОВА,**

**«D»**

**СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?**

**«ВАЛЕНТИН КҮНІН»**

**күтесіз бе?**

**Ақпан айының он төртін елемеу мүмкін болмай тұр. Себебі, жастардың көбі осы күнді «ғашықтар мерекесі» деп белгілеп қойған. Ал үнемі той-думанның арасында жүретін өнердегі азаматтардың батыстан келген бұл мерекеге көзқарасы қалай екен? Сүйіктісіне сый беріп, сезімін білдіріп жатса, ұнатпайтын жан жоқ шығар. Оны өздерінен сұрап көрелік.**

**Мәдина СӘДУАҚАСОВА,**

**әнші:**

Әрине, көпшіліктің «Валентин күнін» қазақтың мерекесі емес деп жататыны рас. Бірақ мереке атаулының көптігі артық болмас. Сондықтан бұл күнге ешқандай қарсылығым жоқ. Дастарқан жасап, арнайы атап өтудің қажеті жоқ болар. Дегенмен маған көптеген адамдар «смс» жазып, сыйлық беріп жатса, оның несі айып? Осы себепті ғашық жандардың бір-біріне сезімін білдіретін арнайы махаббат күнінің болғаны жақсы ғой. Ішкі сезімін ашып айта алмай жүрген талай жан бар емес пе. Солар осы күннің бар екенін ескеріп, сүйгенінің алдында ақтарылып жатса, жаман емес деп ойлаймын.

**Айгүл ИМАНБАЕВА,**

**актриса:**

– Мұндай мереке деген саясат қой. Кейбір жастардың тойлап, демалу үшін шығарған сылтауы іспетті. Бірақ, өз басым, осы күнді мереке екен деп сезінбек түгілі, өзгелердің бір-бірін құттықтайтындығын да құптамаймын.

– *Дегенмен сол күні сүйіктіңізден кішігірім сый күтетініңізді жоққа шығармайтын шығарсыз?*

– Құрысын, күтпеймін. Өйткені бұл күнді мереке деуге басыбайлы қарсымын. Бұл датаны ескеріп, сый-сыяпат тартып жатқандар болған жоқ. Егер табылса, сол адамға біраз дәріс оқып тастаған болар едім.

**Азамат СҰРАПБАЙ,**  
**актер:**

– Мен бұл күнге үзілді-кесілді қарсымын. Әйеліме сый жасауым үшін 8 наурыз да жетеді. Өйткені, өз басым, өте патриот адаммын. Өзіміздің ұлттық мерекелерімізді жарылқап алсақ, соған да рақмет айтар едім. Өйтпесе «Валентин күнін» ғашықтар күні деп қабылдау – қисынға келмейтін нәрсе.